

## Ы. АЛТЫНСАРИН ЖОЛЫМЕН...

**Баяхметова А.А., Молдахметова К.Б.**

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 22 орта мектебі» ММ-сі

Будан бір ғасыр бұрын халықтың, әрбір адамның жарқын болашағын өнер- біліммен тығыз байланыста қарастыған. Ыбрай Алтынсаринның педагогикалық мұрасында білім мен ізгіліктің негізін қалайтын ұстаз тұлғасы туралы өзінің өзектілігің жоғалтпайтын, қайта күн өткен сайын жарқырай түсे�тін идеялар мол және беррі көп. Туған еліне қалтқысыз бөрілген, оның болашағы үшін жаны ауырған біртуар азамат Ыбрай Алтынсарин бір өзі бірнеше әлеуметтік топтар орындастырын ауқымды жұмыстарды өте қын жағдайда іске асыруды. Мектеп ашу үшін ақша табу, қолайлы үй-жай қарастыру, оларды қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз ету, ақыр аяғында балаларын оқуға жіберу үшін ата –анасын қөнндірү сияқты үйимдастыру, шаруашылық мәселелерімен тікелей айналысты.

Еңбеккорлығы, ізденімпаздығы, халқына шексіз сүйіспеншілігі оған әр уақытта демеу болғандығының арқасында қажымай- талмай оқу бағдармаламаларын дайындағы және солардың мағынасын бала санасына қюодың, жеткізудің жолдарын іздеді. Бұл ізденістері оқу-әдістемелік құралдарда, сынып жұмыстарын сараптауда, әртүрлі бағыттағы нұсқаула-рында көрініс береді.

Сонымен қатар Ыбырай Алтынсарин ақын, жазушы, ғылым, яғни оған шығармашылықтың бірнеше түрі тән. Оның шығармашылығының ең бастапқы, түбекейлі ерекшелігі – педагогикалық, гибраттық сипатында.

«Тастан сарай салғызатын», «жылдам хабар алғызатын», адамды құстай үшыратын», «отынсыз тамақ пісіретін», сусыздан сусын ішкізетін» керемет күш білім деген Ыбырайдың ой тұжырымы бүгінгі заман үрдісімен үндес. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ғалым-педагог мұндай бейнелі, поэтикалық сөздердің куатымен туған халқын үйқыдан оятып, білім алу жолынва бағыттасыа, XXI ғасырдың бас кезінде де осы сарындағы ізденістер аса маңызды. Әйткені, жаһандану мен үлттых әрекеттегі заманында қазіргі елдер мен халықтың күш – қуаты тек өндіріс пен қаруланудаға емес, өмір сүрудің сапасында инновациялық мәдениет, жұмылдыруышылық, кірігіп кетуге икемділік, бейімделу қарқынында көрінеді.

Мұны іске асыратын кесіптік дайындығы жоғары, білімді, білікті мамандар. Әйткені қазіргі уақытта материалдық заттарды тікелей өндіру ығыстырылып, жаңа технологиялардың негізін құрайтын білімді, ақпаратты, әртүрлі символдарды өндіру алдыңғы қатарға шықты. Өндіру үрдісінің өзі үлкен өзгеріске үшырады.

Өндіру циклының әрбір сатысы жаңа кондырыларымен, автоматтарымен жабдықтандырылатын болғандықтан оны басқаратын, үйимдастыратын, жан бітіретін маман көрек. Әрине, мұның бәрі білімнің мәртебесін көтереді.

Білім – өмір сүрудің жаңа мазмұнын, сапасын қамтамасыз ететін негізгі рухани – материалдық күш. Әрине, соңғы сөз тіркесінің маңызы аса зор, әйткені білім өзінің болмыстық табиғаты жағынан рухани құбылыс, ал нәтижесі мен салдары тұрғысынан керемет материалдық феномен. Адам тікелей өз мүмкіндіктерімен іске асыра алмайтын көптеген маңызды техникалық, үйимдастырушылық функциялар әртүрлі жетілдірілген, нәзәік кондырылар мен тетітер арқылы орындалады. Ал оларды сондай дәрежеде адами әрекеттерді толықтыру қабілетіне жеткізіп отырған тылсым қасиет – білім болып табылады.

Жаһандану мен үлттық әрекеттегі заманында білім алу және білім беру үрдісі – қоғамдық прогрестің маңызды өлшемі. Бұл үрдістің негізгі субъектісі – ұстаз бен шекірт. Осы маңызды әрекет иелеріні өара қарым – қатынасының терендігінен, жарактылығынан, тұрақтылығынан, даму қарқынынан білімнің барлық жасампаз қасиеттері мен белгілері туындаиды. Бұл білімді жасайтын, тудыратын екі субъектінің өзара сұхбаты. Осы сұхбат нәтижесінде тың адами дағылар мен қызығу жүйелері қалыптасады. Бір қызығу жүйесі екінші бір жүйелерді тудырады, сөйтіп білім беру, алу үрдісі жалғаса береді. Әйткені білім көбейген сайын адам бір биіктікten екінші бір биіктікке үмтүла береді.

Бар мәселе осындағы іс – әрекетті бастау, оған бұлақтың көзін ашқандай жан бітіру. Жан бітірілген, көзі ашылған бұлақ дарияға айналатыны сияқты дамып, нығайып, жетіліп, адам баласын бұрын – соңды болмаған жаңа асуларға, биіктеге жетелейді.

Ы.Алтынсарин – қазақ халқының тарихында оның бітім – болмысындағы осындағы көусар бұлақтың көзін ашқан, негізін салған тарихи тұлға. Оның мектеп ашу, үйимдастыру саласындағы жұмыстарының маңызы қазақ өркениеті үшін Я. Коменскийдің бүкіл педагогика ғылымына қосқан үлесімен бара - бар. Я.Коменский тәрбие жұмысын бір жүйеге келтірсе, Ы.Алтынсарин қазақ даласына оның идеяларын әкелді, әкеліп қана қойған жоқ, оны

іс жүзінде көрсетті. Ы.Алтынсарин үшін оқу ісін ұйымдастырудың күшігірім, ұсақ мәселе болған жоқ. Ол бәріне назар аударды және бар нәрсенің тізгінін өз қолында ұстады.

Мұғалім А.Мозохиннің 1889 жылы 26 қыркүйекте жазған хатында Ы.Алтынсаринның жұмыс істеу әдебі туралы мынадай мәлімет келтірілген: «Бізден 700 шақырым жерде тұрса да, Алтынсарин мектепке көдүлгідей жылына бір рет немесе екі рет келетін, келген саýын үш күннен артық болмайтын, сол күндері үнемі жұмыспен шұғылданатын: таңертен-гі сағат 9-дан күндізгі 2-ге дейін кластарда отыратын, кешкісін сағат 6-дан 8-ге дейін кешкі сабақта да келетін: біздің бос уақытымыз тұнде ғана, кешкі 8-ден тұнгі 12-ге дейін, кейде одан кеш болатын. Бұл уақыттарда біз достарша көнілдегі шын сырымызды айттып, әңгімелесумен өткізетінбіз. Шынында да достарша сырласатынбыз: Алтынсарин мұғалімдер үшін бастық қана емес, әке де, ниеттес қайырымды дос та еді». Бұл мәліметтен біз Ы.Алтынсаринның өз жұмысына соншалықты үлкен жауапкершілікпен қарғандығын көреміз. Сол үш күннің ішінде ол мұғалімнің сабақ беру барысындағы барлық жетістіктері мен кемшіліктерін жіті бақылап, шын қайырымдылық көнілімен талдап отырган.

Мұғалім Ф.Соколов 1889 жылы 6 қаңтарда жазған хатында Ы. Алтынсарин тұлғасының басқа қырына мән берген. «Мениң далада болған кездерімде марқұмның бүкіл өмірі өзінің сүйікті қырғыз халқының оқу – ағарту ісіне арналды. Ол халықтың өмірін қарап бақылап, терең түсінді. Ол орыс халқы рухында қырғыздарға білім беріп, сауатын ашу арқылы өз ұлтын ислам дініне мейлінше берілген, елге мазасыз молдалардың ықпалынан сақтап қалуға бар күш – жігерін жұмысауды алдына міндет етіп қойды» деп жазды ол.

Ы.Алтынсаринның дін туралы сол кездегі пікірін біздің кейір журналистеріміз бен мешіт қызметкерлерінің қауымы жақсы білсе, онда қогам өміріндегі руханилықтың барлық түрін дінмен байланыстырмagan болар еді. Фалым - педагог мектепті дін ықпалынан бөліп алуға тырысты, ал қазір біздің кейір азаматтар дінін уағызды мектепке кіргізу керек деп байбалам салуда. Әрине оқу бағдарламасына дінтану пәнөін кіргізіп, балалрга жалпы діннің мәнін түсіндіріп, әлемдік діндер дәстүрімен таныстыру қажет. Діни уағыз бен дін туралы ғылыми білімнің арасында айырмашылық бар.

Ы.Алтынсарин осы ақиқатты жақсы түсінген.

Фалым еңбектерінде ұстаз тұлғасы туралы құнды мәліметтер бар. Өйткені, оқу үрдісінің нәтижелі болуы әр уақытта мұғалімге байланысты.

Ұстаз ең алдымен, адамгершілігі зор, кішіпейіл, мейірбан, шыдамды, сабырлы тұлға. Әр балаға өзінің адами қасиеттерімен үлгі – өнеге болуы тиіс.

Өзінің қарамағында істеген Семен Меркурьевич пен Иван Григорьевичті өте қайырымды, бағыты тұзу, адамгершіліктері зор нағыз тәуір жігіттер деп

Бағалай отырып «Семендегі бір кемшілік – өз пәнін оқушыларға айқын түсіндіруге білім жетпейді: дегенмен қазір айтартылғай жөнделіп келеді. Оның алғашқы кездегі көрсеткен қызыбалығы қазір жойылып келеді» деп жазды. Бұл жерде фалым – ұстаздың қызыбалыққа салынуға болмайтынын ескертумен қатар ұстаз білімінің терең болуы қажеттігін де еске салады. Яғни, Ы.Алтынсарин көсіптік дайындықтың жоғары болуын талап етті. Сол уақыттың өзінде – ақ физика, химия пәндерін оқытатын мұғалімдердің белгілі бір жүйемен дайындалып, сбақ берудің әдістерін алдын ала белгілеп алғанын қалаған.

«Орыс тілін, жаратылыстану ғылыми, географияны және тарихты оқыту жұмысы әрбір мектепте күндері белгіленген бір жүйемен, оқу құралымен жүргізілуі керек, өйткені, тәжірибеге қарағанда, оқыту, тәрбиелеу жұмысына дәйекті көқарасы бекіп болмаған кейбір жас оқытушылар оқу құралдарын беталды және халық мектептерінде өтілетін пәндердің оқыту әдістері мен тәртіпперінің өзін де өзгерте береді, сөйтіп оқушыларды біресе бір түрлі әдіспен не бір оқуқұралы бойынша, біресе екінші түрлі әдіспен не екінші бір оқу құралы бойынша оқуға зорлайды немесе дұрысын айтқанда, бастаған ешбір пәнін еш уақытта түгел тәртіппен өткізбейді» деп жазған Ы.Алтынсарин. Фалым – педагогтің осы ескертпесі әлі де маңызын жоғалтқан жоқ.

Синергетика, коэволюция ұстанымдарына негізделген қазіргі білім берудегі тың үрдістер Ыбырай Алтынсарин нұсқауларының ғылыми негізділігін жан – жақты ойластырып, адам танымының ерекшеліктерінен туындағанын айқын көрсетуде.

Синергетикаға сүйенген білімнің ашықтығы туралы ұстаным оны жүйелігіне, логикалық тұрақтылығына, ұғымдар мен ғылыми тұжырымдамалардың бір – бірімен етene байланысқандығына сүйенеді.

Жалпы оқыту үрдісіндегі жүйелілік, жинақылық, тиянақтылық және қатаң қисындылық білім берудің барлық деңгейіне тән. Өйткені, пәннің бір ұғымынан ешбір байланыссыз екінші ұғымына өтіп кетуге болмайды. Мұндай жағдайда ғылыми ақпараттың мағынасы бұзылады, ақыр аяғында бала санаусына пән рухы мен жаңы жетпей қалады. Сөйтіп, санада ақтаңдақ пайда болады. Бір ақтаңдақ басқасын тудырады. Соның салдарынан білім сапасы төмендейді.

Ы.Алтынсарин оқытушының тек өзі оқытатын пәнді жақсы білуінің аздық ететінін ескерткен. Яғни ол ұстаздың жан – жақты білімді, интеллектуалдық өресі кең, жаңа нәрсегерді қабылдауға икемді болғанын қалаған. Оқушыларға арналған оку-әдістемелік құралдардан басқа оқытушыларға олардың оқып – біліп, өнеге алуы міндетті кітаптардың атын атап отырған. Олардың арасында Бобровскийдің «Педагогика», Коменскийдің «Ұлы дидактикасы», Реклюдің «Жер, құрлық және мұхит» сияқты кітаптары бар.

Әрине, Ұбырай заманынан бері психология, педагогика, жаратылыстану ғылымдары дамып, ілгері кетті. Бірақ ол назар аударған Ян Коменскийдің «Ұлы дидактикасы» әлі де маңызды.

Оқінішке орай, қазіргі бастауыш сынып мұғалімдерінің көбісі бұл кітапты білмеуі мүмкін.

Бала мен ұстаз арасындағы қарым – қатынас жақсы нәтиже беруі үшін олардың арасында шынайы әріптестік қатынас орнауы тиіс. Яғни ұстаз бала табиғатын, оның психологиялық ерекшеліктерін жан – жақты біліп, онымен тіл табысуға ұмтылуға міндетті.

Ы.Алтынсарин қаламынан туындаған хрестоматияға үнілсек, ғалым балалардың назарын аударған бірнеше маңызды этикалық ұстанымдарға тап боламыз.

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ БАРЫСЫНДА Ы.АЛТЫНСАРИННЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ

**Бекентаев С.Ж.**

Аманкелді атындағы орта мектеп

Ұлы ағартушы Ұбырай Алтынсарин қазақ балаларының оқуына, олардың заман ағымына сай білім алуына ұланғайыр улес қосқан педагог. Ол тек педагог қана емес, сонымен қатар жазушы да. Жазушы дейін себебіміз, балалардың мектептен білім алуынаға атсалысып қойған жоқ, ол мектеп оқулықтарын жазып, оны балаларға тарту етті.

«Оқытуши дүниедегі заттың бәрін қымбат, ал халық мектебі үшін ең керегі-мұғалім. Педагогикалық құлардардың ең жақсысы-ұқыптылық, жинақтылық, мұқияттылық пен сабакты жүргізу» деп санайды. Соңдай-ақ «Баланың адамгершілік, алғырлық қасиеттерінің дамуы ұстасға байланысты» деп санады.

Мұхтар Әуезов ғылыми зерттеулерінде, анықтамаларында Алтынсарин еңбектерін жан-жанкты бағалайды. «Ұбырай Алтынсарин-қазақ мәдениетінің зор қайраткері. Ұбырай тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол-жана үлгідегі ақын, әрі ол-сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бүратана» елдерүшін тың үлгілі мектеп ашуши. Ол-мектептің өзіне бөлек ерекшелігібар бағдарламаларын, оку құралдарын жасаушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен бірге, жазушылық пен оқутушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстыруши», – дейді ол.

Оқырман қаумынға мәлім, Ы.Алтынсарин отаршылдық мұдде түрғысынан ашылған Орынбордағы оку орнында тәрбиеленіп, орсы тіліне терен жетіліп шықтты. Арманы-туған халқының көкірек көзін ашып, европалық білім беру, кітаби акындардың қиасс-дастандарындағы шүбарланып бара жатқан ана тілінің табиғатын таза сақтау жолында курс жүргізу еди. Бірақ сырттан еріксіз таңылған миссионерлік дүние-таным мен олардың педагогтық жүйесі бұл мақсатын жүзегі келтірді.

Отаршылдар мен миссионерлер оку-ағарту саясатында қаншалықты тұлқі бұлаңға салып түп мақсатын күльтрегелік жолмен бүркемелегенімен, бүратана халықтарды шоқындыру арқылы орыстандару саясатына қазақ жүртшылығы сескене қарады. Екінші жағынан, бұл жағдайды діндар молдалар да ушықтыра түсті. Мұндай құбылысты Қостанайдағы екі кластық аралас мектептің оқытушысы Ф.Д. Соколов өзінің 1889 жылғы 28 қыркүйектегі естелігінде: «...Оның Троицкі молдаларының ықпалына түсken Николайлық қазақтар арасында жаулары да болды. Олар оны орстарға ілтифатпен қараған үшін, қазақ балаларын шоқындыруға қызмет етеді деп жек көрген. Алтынсарин қазақ балаларын шоқындыру үшін емес, оларға европалық білім беру жолында үкімет ашқанорыс-қазақ аралас мектебін халық мұддесіне пайдалану мақсатын олар, әрине біле бермеген.»

Ильминский Ресей империясының орыстандару саясатын қазақ арасында жүзегеасыруды қазақтардың өз қолы мен істеу саяси жағынан лде қайда жол болады білгендейтін, Ы. Алтынсаринді осы шске пайдалануды көздеген. Осы сепепті Ильминский 1869 жылы Ағарту министріне жазға хатында: «...Алтынсарин ... қазақтардың ортасында өзі мектеп ашса, орыс алфавитін сонда қолданса, оны орыс елінің адамдары істетіп отыр дегізбей, өзі ашқа болса... ең әуелі жаңа идея Алтынсариндікі болады» (Қазақ архив, ф.968,оп.1-2 бет), – деп өз мақсатының басты да өзекті желісін ашып көрсеткен. Яғни мұнда орысалғавиті негізіндегі қазақ